

● «Ұлы Даланың жеті қыры»

«Патшаларын алтынмен аптап, күміспен күптеп...»

Елімізде ғана емес, көптеген шетелдерде тарихи жаңа көзқарас пен ұлы серпіліс әкелген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты ғылыми-аналитикалық мақаласында «Ұлы Дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін, аң стилінде жасалған бұйымдарды, «алтын адамның» жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, сауыт-сайман үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады» делінген еді.

Елбасы осы мақаласы арқылы халқымыздың әлемдік өркениетке салған баға жетпес олжаларын қолмен қойғандай етіп айтып берді. Соның бірі де бірегейі, кезінде «әлемдік сенсация», «қазақстандық Тутанхамон» аталған, 1969 жылы Алматы маңындағы Есік қорғанынан табылған «Алтын адамымыз». Ұзын саңы төрт мыңға жуық алтын бөліктерінен құралған Ұлы ханзадамыз әлі күнге дейін әлемнің көзқұрты болып келеді. Ол талай құпияның бетін ашты. Киіміндегі асқан шеберлікпен жасалған алтын бұйымдар күні бүгінге дейін жасалу технологиясы жағынан теңдессіз саналады. Яғни ежелгі бабаларымыз алтын өңдеу технологиясын сол замандарда-ақ ең жоғары деңгейде меңгерген. Осы арқылы «Дала өркениетінің» зор қуаты мен қайталанбас эстетикасын әйгілейтін бай мифологияға жол ашты.

Халқымызда «алтынмен аптап, күміспен күптеп» деген сөз бар. Білесіздер, әр сөздің астарында көмулі тарих жатады. Алтын мен күмісті қолға ұстап көрмеген халық мұндай сөз қалдыра алмайды. «Алтын ханзадамыздың» киімінің бәрі алтын болса, жанынан табылған,

ішінде жазуы бар тостағанның күмістен болуында да үлкен мән жатыр. Яғни бұл бабаларымыздың күмісті пайдалануды да меңгергендігін көрсетеді. Сол ыдыстағы шекілген әріптер Орта Азия аумағынан табылған жазу атаулының ішіндегі ең көнесі екендігі де терең ойға жетелейді. «Алтын адам» жазу-сызуы болған елдің ғана қолынан келетін шедевр емес пе?! Әрдайым үлкенін құрметтеп, алдын кесіп өтпейтін халқымыз көсемдерін осылайша ұлықтап, алтындай жарқыраған күн секілді құдірет деңгейіне дейін көтере білгені көрініп тұр.

Сонымен еліміздің табысты болуы үшін өткен ғасырдың тарихын білетін, көкке көтеретін, бағалайтын, мақтан ететін халықтың болашақ ұрпағын тәрбиелеу басты міндетіміздің бірі болмақ. Елбасы мақаласынан осындай терең ұлағатты ұқтық.

Ж.БЕЛГІБАЙ,

*М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты.*

